

4

Еңбекпен  
есейген азамат

5

Қасиет  
пен қасірет

# Сыр бойы

28 желтоқсан, сенбі 2024 жыл



№199-200 (20873-20874)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

[www.facebook.com/syrboyi.kz](https://www.facebook.com/syrboyi.kz)[www.instagram.com/syrboyi\\_kz](https://www.instagram.com/syrboyi_kz)[t.me/syrboyi\\_kz](https://t.me/syrboyi_kz)[twitter.com/syrboyi](https://twitter.com/syrboyi)

ЖАРЛЫҚ

## ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ ЖЫЛЫН ЖАРИЯЛАУ ТУРАЛЫ

2024 жылғы 27 желтоқсан

Жұмысшы мамандықтарының беделін арттыру және техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің реформасын жүзеге асыру мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

- 2025 жыл Жұмысшы мамандықтарының жылы деп жариялансын.
- Қазақстан Республикасының Үкіметі Жұмысшы мамандықтарының жылын өткізу бойынша қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.
- Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының  
Президенті  
Қ.ТОҚАЕВ**Астана, Ақорда,  
2024 жылғы 25 желтоқсан  
№ 744

ПІКІР-ПАЙЫМ

## ЕҢБЕК АДАМЫНА ҚҰРМЕТ ЕРЕКШЕ БОЛУЫ КЕРЕК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен 2025 жыл «Жұмысшы мамандықтарының жылы» деп жарияланды. Мұны қоғамның басты тірегі саналатын еңбек адамдарына, олардың елеулі еңбегіне назар аударып, жұмысшы мамандықтарын ұлықтау деп түсінемін.

Еңбек адамына құрмет қай кезде де ерекше. Олардың орны қай кезде де биікте болуы керек. Қазақта «Адам еңбегімен абыройлы, мінезімен қадірлі» деген сөз бар. Еңбек пен мінез ұштасқан кезде қоғам да, адам да, отбасы да дамиды деп ойлаймын. Президент көтерген игі бастама еңбеккерлік пен кәсібилікті қоғамның негізгі бағдарына айналдыруға бағытталған. Қоғамда еңбек адамына құрметті арттыру, жастарды кәсіби техникалық білім алуға ынталандыру мақсатында қолға алынып отыр.

Жалпыға ортақ еңбек қоғамын құру бойынша өндіруші еңбекті ынталандыру, жастар арасында жұмысшы кәсібін насихаттау бағытында елімізде ауқымды іс-шаралар атқарылып келеді. Мемлекет басшысы биылғы дәстүрлі Жолдауында: «Жұмыстың жаманы жоқ, кез келген еңбек қадірлі. Ең бастысы, әркім жауапкершілікті терең сезініп, өз міндетін сапалы атқаруға тиіс. Сонда ғана еліміз дамудың сара жолына түседі. Біз түрлі саладағы мамандарға, қатардағы жұмысшыларға құрмет көрсетуіміз қажет. Бәсекеге қабілетті экономикасы бар озық ел боламыз десек, ең алдымен, адал еңбекті бағалаған абзал» деп атап өтті.

Осы орайда алдағы жылдың жұмысшы мамандықтар мәртебесін көтеруге арналуы құптарлық.

**Қанат ҚЫПШАҚБАЕВ,  
тарих ғылымдарының магистрі,  
педагог-зерттеуші**

## ЕЛДІГІМІЗДІ ТАНЫТҚАН ЕРЕН ЖЫЛ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың елімізді дамыту мен өркендету жолында жыл бойы атқарған қызметіне шолу жасап, қоғамдық-саяси өмірдегі, әлеуметтік-экономикалық дамуға іргелі өзгерістер мен табыстарға қысқаша тоқталуды жөн көрдік.

Президент биыл жұмыс сапарымен еліміздің 11 өңіріне барды. Аймақтардағы 60-тан аса өндірістік және әлеуметтік-мәдени нысандармен танысып, жұртшылықпен кездесті. Сондай-ақ ел ішіндегі 41 іс-шараға қатысты. Олардың қатарында форумдар, кеңестер, отырыстар секілді түрлі форматта өткен жиындар бар. Еліміздің саяси және қоғам қайраткерлерімен 137 кездесу өткізді.

Мемлекет басшысы осы жылы 3979 құжатты қарап, қол қойды. Оның ішінде 95 заң, 319 жарлық, 81 өкім, 28 отырыс хаттамасы, 3456 қызметтік құжат қабылданды (25 желтоқсандағы мәлімет бойынша).

Сыртқы саясатта да жемісті жыл болды. Атап айтқанда, Қасым-Жомарт Тоқаев биыл 23 рет шет мемлекетке сапарлады, 19 халықаралық форум мен саммит жұмысына атсалысты. Халықаралық іс-шаралар аясында өзге елдің басшыларымен 27 рет кездесті. Сондай-ақ шет мемлекеттердің және үкіметтердің басшыларымен, басқа да жоғары лауазымды тұлғаларымен, халықаралық және өңірлік ұйымдардың жетекшілерімен, бизнес-қоғамдастық өкілдерімен 84 кездесу өткізді. 22 мемлекеттің елшісінен сенім грамоталарын қабылдады. Мемлекет басшыларымен

49 мәрте телефон арқылы сөйлесті. Енді осы сандармен өрнектелген жұмыс кестесінің барысында ел игілігі үшін жасалған істерге назар аударайық.

Ең әуелі, жыл басындағы ақсөлтай жаңалықты айта кеткен абзал. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 9 қаңтарда «Алматы облысының өзгерістер туралы» Жарлыққа қол қойды. Жетіген ауылы Алатау қаласы болып қайта құрылды. Осылайша, келешекте Алматы мен Қонаевтың ортасында бой көтеретін Alatau City қаласының іргесі қаланды. Бірнеше жылдан бері талқыланып келе жатқан жаңа урбанистік жобаны жүзеге асыруға шетелдік инвесторлар айрықша қызығушылық танытып отыр. Президент Сингапур сапарында және одан кейін де әлеуетті инвесторлармен кездесіп, Алматы агломерациясын өркендеген экономикалық аймаққа айналдыруды көздейтін жобаның жай-жапсарын талқылады.

### ҰЛТ ҰПАЙЫН ТҮГЕНДЕГЕН ҚҰРЫЛТАЙ

Елдік мәселелер қозғалатын Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысы биыл көне Сарайшық жұртында

– Атырау облысында өтті. Құрылтайда ұлт болмысын қалыптастыратын тәуелсіздік пен отаншылдық, бірлік пен ынтымақ, әділдік пен жауапкершілік, заң мен тәртіп, еңбеккерлік пен кәсіби біліктілік, жасампаздық пен жаңашылдық секілді басты құндылықтар айқындалды. Сонымен қатар Президент бес әлеуметтік кеселмен күресті күшейту жөнінде нақты тапсырма берді. Осыған орай, биыл Әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігі туралы Заңға қол қойылды. Яғни тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін қатаң жаза белгілейтін, балалар құқығының қорғалуын қамтамасыз ететін жаңа нормалар енгізілді. Бұдан бөлек, Адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы арнайы заң қабылданды. Вандализм мен өзгенің мүлкіне зиян келтіргені, қоғамдық тәртіпті бұзғаны үшін жауапкершілікті күшейтуге, құмар ойынға тәуелділікті азайтуға, вейпке тыйым салуға бағытталған заңнамалық өзгерістер жасалды. Аталған бастамаларға қатысты заң жобаларын әзірлеуге Парламент депутаттарымен қатар, Ұлттық құрылтай мүшелері де белсенді атсалысты. Осылайша, Президент үнемі айтатын «Заң мен Тәртіп» үстемдігі қоғамда біртіндеп орнығып келеді.

### БІРЛІКТІҢ БЕКЕМ ҮЛГІСІ

Көктемгі су тасқыны елді әбiгерге салып, халықтың да, мемлекеттің де мүлкіне зор зардабын тигізгені белгілі. Еліміздің 10 өңірінде жергілікті деңгейдегі төтенше жағдай жарияланды. Мемлекет басшысы адамдарды дереу қауіпсіз жерге көшіру және қарғын судан зардап шеккен азаматтарға қажетті көмек көрсету жөнінде тапсырма берді. Ең көп зардап шеккен үш облысқа, атап айтқанда, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан және Қостанай облыстарына барып, халықтың мұң-мұқтажын тыңдады.

Тасқын судың салдарынан мал-мүлкінен айырылған жандардың ешқайсысы елеусіз қалған жоқ. Мемлекет міндеттемесін толық орындады. Зардап шеккендердің бәрiне материалдық, қаржылай қолдау көрсетілді.

Атап айтқанда, су тасқынынан зардап шеккен өңірлерде комиссиялар жұмыс істеді, олар азаматтардың жалғыз баспанасы болған 19 359 үй мен саяжай құрылыстарын тексерді. Оларды баспанамен қамтамасыз ету мақсатында жылжымайтын мүлік нарығынан 5767 тұрғын үй сатып алынды. 9156 үйге жөндеу жұмыстары жүргізіліп, жүз пайыз аяқталды. Бұл мақсаттарға барлығы 54,7 млрд теңге бөлінді. Сондай-ақ қысқа мерзімде 64 млрд теңгеге 2680 жеке тұрғын үй салынды.

Бұған қоса 36455 отбасына жалпы сомасы 13,3 млрд теңге, яғни 100 АЕК мөлшерінде біржолғы әлеуметтік көмек көрсетілді. 21 876 отбасына 9,9 млрд теңге көлемінде 150 АЕК-ке дейінгі өтемақы төленді.

Шағын және орта бизнес субъектілеріне келтірілген залалды өтеу үшін 12,1 млрд теңге бөлінді. Зардап шеккен кәсіпкерлік субъектілеріне толық төлем жасау мақсатында «Демеу» корпоративтік қорынан Атырау, Батыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстарына 2,5 млрд теңге көлемінде қосымша қаражат бөлу мәселесі пысықталды. Аталған қаражат есебінен ШОБ субъектілерінің 40 өтініші бойынша шығыны өтелді. Жалпы, өңірлік комиссиялар 14,6 млрд теңгеге 734 кәсіпкердің өтінімін мақұлдады.

Тағы бір айта кетерлігі, мал шығынын төлеу үшін мемлекет тарапынан көрсетілген көмектің көлемі 2,8 млрд теңгеден асты.

Осындай қиын-қыстау сәтте халқымыз ауызбіршіліктің үлгісін көрсетті.

2-бет



Биыл аймақтың аға басылымы «Сыр бойы» және «Қызылординские вести» газеттерінің жарыққа шыққанына 95 жыл толды. Осыған орай БАҚ саласы ардагерлері мен зиялы қауым өкілдерінің қатысуымен дөңгелек үстел өтті. Шарада билік пен бұқараның арасындағы алтын көпір болу рөлін абыроймен атқарып келе жатқан қос газеттің өткені мен бүгінгі сөз болды.

Басқосуда облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов алғы сөз сөйлеп, аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекулының арнайы құттықтау лебізін жеткізді.

– Сыр журналистикасының тарихы өзінің ғасырлық бәлесіне жақындап қалды. Биыл еліміздегі ең байырғы басылымдардың бірі – «Сыр бойы» газетінің жарыққа шыға бастағанына 95 жыл болса, қаңтарда

## ҒАСЫРМЕН ҮНДЕСКЕН БАСЫЛЫМ



«Қызылординские вести» газетіне 95 жыл толады.

Ғасырға жуық тарихы бар басылымдар – аймақтың сыр-шежіре сандығы. Облыстың тарихы, әлеуметтік-экономикалық дамуы мен мәдени, рухани жаңғыруының айқын дерегі. Бұл басылымдар Сыр қаламгерлерінің, журналистердің ұстаханасына айналды.

Президенттің, Үкіметтің, облыс

басылымының әрбір бастамасын, халықтың тұрмыс-тіршілігін елге жеткізуде қоғамдық-саяси ұстанымынан айныған емес. Қазір халықтың ақпараттық сұраныс талғамы өзгерді. Электрондық жүйе дамыды. Әйтсе де «Сыр бойы» газеті 23 мың данаға жуық тиражбен тарайды. Бұл республикадағы облыстық газеттер арасында өте жақсы көрсеткіш.

Ендіше 95 жылдық белесті

бағындырған басылымдардың барша Сыр еліне ортақ бүгінгі мерейтойы құтты болсын! Бүгінгі жиналған игі жақсылар мен басылым ардагерлеріне ел шежіресіне айналған сөз көрмесінің ғасырлық тойында аман-есен кездесейік дегім келеді. Баршарыңызға амандық, еңбектеріңізге табыс, дендеріңізге саулық, шаңырақтарыңызға құт-береке тілеймін, – деді Ш.Байманов.

6-бет

Валюта бағамы \$ 515,25 kzt

€ 535,91 kzt

₸ 5,18 kzt

Ауа райы +9° +11°

+2° +4°

# ЕЛДІГІМІЗДІ ТАНЫТҚАН ЕРЕН ЖЫЛ



## АЛЫС-БЕРІС АРТТЫ


Жыл басында, яғни 7 ақпанда өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында Президент бәсекелестікті дамыту, экономикаға мемлекеттің араласуын қысқарту, бизнес шығындарын азайту арқылы кәсіпкерлік еркіндікті қамтамасыз етуді тапсырған еді. Қасым-Жомарт Тоқаев 10 мамырда «Экономиканы ырықтандыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойды. Ал 2 қыркүйекте Қазақстан халқына арнаған «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауында Президент еліміздің таяу келешектегі экономикалық дамуының негізгі бағыт-бағдарын айқындады. Үкімет жыл бойы осы негізгі міндеттерді атқаруға бар күш-жігерін жұмсады.

Мәселен, 2024 жылдың I жарты-жылдығының қорытындысы бойынша шетелден келетін тікелей инвестицияның жалпы көлемі 9,8 млрд долларды құрады. Бұл көрсеткіш тау-кен өнеркәсібі, көтерме және бөлшек сауда, өңдеу өнеркәсібі салаларында көбірек тіркелді. Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі қаңтар-қараша айларында 15,8 трлн теңгеге

Осы орайда Мемлекет басшысының тапсырмасымен Шығыс Қазақстан облысының тұрғындары қаншама жылдан бері күткен «Бұқтырма» су қоймасы арқылы өтетін көпір құрылысы аяқталғанын айта кеткен ләзім. Бұл Марқакөл, Күршім аудандарының облыс орталығымен байланысын жеңілдетті. Бұған дейін аталған аудандардың халқы паром арқылы қатынап келген еді.

Еліміз жол инфрақұрылымына халықаралық даму институттарынан мол қаржы тартып отыр. Атап айтқанда, Дүниежүзілік банк Көлік жолдарының оңартылуы мен байланысын жетілдіру бағдарламасы (TRACE) аясында атқарылатын қазақстандық жобаға 650 млн доллар бөлу жөнінде шешім қабылдады. Бұл қаржы Орта дәліздің әлеуетін арттыруға, соның ішінде «Жезқазған – Қарағанды» автомагистралін күрделі жөндеуден өткізуге жұмсалады. Сондай-ақ Азия даму банкі «Қызылорда – Жезқазған» жолының құрылысын жүргізуге 300 млн доллардан аса қаражат бөлді.

## ӘЛЕУМЕТТІҢ ӘЛЕУЕТІН КӨТЕРГЕН ЖОБАЛАР



жетті. Бүгінде 795,9 млрд теңге көлеміндегі сомаға 134 жоба іске қосылды, 10,1 мың тұрақты жұмыс орны құрылды. Мемлекет басшысы жаңадан жұмысын бастаған бірнеше ірі зауыт пен кәсіпорынға арнайы барып, қызметімен танысты.

## БАРЫС-КЕЛІС ЖЕҢІЛДЕЙДІ

Еліміздің көлік-транзит әлеуетін арттыру бағытында айтарлықтай жетістіктер бар. Мысалы, Президент 28 ақпанда телекөпір арқылы Қытайдың Сиань қаласындағы Көлік-логистика орталығын ашты.

Сиань – Қытайдың тораптық транзиттік орталығы және ең ірі құрғақ порт орналасқан қаласы. ҚХР мен Еуропа Одағы арасына қатынайтын контейнерлік пойыздардың 40 пайызына жуығы осы жерден жөнелтіледі.

Сиань құрғақ портындағы қазақстандық терминалдың жобалық қуаты жылына – 66,5 мың ЖФЭ (жылырма футтук эквивалент). Терминал еліміздің экспорттаушылары үшін жана өткізу нарықтарына жол ашады, жүктерді жеткізу мерзімін едәуір қысқартады және Қазақстанның Еуразиядағы сенімді транзиттік хаб ретіндегі позициясын нығайтуға мүмкіндік береді.

3 шілдеде Қасым-Жомарт Тоқаев пен ҚХР төрағасы Си Цзиньпин Транскаспий халықаралық көлік бағыты бойынша жүк көліктері мен теміржол контейнерлерін жөнелту рәсіміне телекөпір режимінде қатысты. Қытай – Қазақстан – Каспий теңізінің акваториясы – Әзербайжан – Грузия арқылы өтіп, әрі қарай Еуропа елдеріне баратын Транскаспий халықаралық көлік бағыты уақыт жағынан да, экономикалық тұрғыдан да тиімді көлік жолына айналады.

Сонымен қатар Өзбекстанмен арадағы көлік-транзит мүмкіндіктерін кеңейту және Трансауған теміржолы бағытын дамыту жөнінде уағдаластыққа қол жеткізілді.

Бұдан бөлек, елімізде 1,4 мың шақырым теміржол жөндеуден өтіп, 12 мың шақырым автокөлік жолы салынып жатыр. «Талдықорған – Өскемен», «Қарағанды – Алматы», «Ақтөбе – Атырау – Астрахан» жолдарының халықаралық талаптарға сай жаңғыртылуы еліміздің оңираралық байланысы мен транзиттік әлеуетін айтарлықтай арттыра түседі.

Президенттің тапсырмасымен «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында қалалар мен қарқынды дамып келе жатқан елді мекендерде 460 мың оқушыға арналған жаңа 217 мектептің құрылысы жүргізіліп жатыр. Бүгінде 36 мектеп пайдалануға берілді. Оның 15-і ауылдық елді мекендерде орналасқан. Бұл – білім беру саласының инфрақұрылымын дамыту ісінде қала мен ауылға бірдей көңіл бөлінеді деген сөз.

Ал бірнеше жылдан бері жүзеге асырылып келе жатқан «Ауылдағы денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында алғашқы санитарлық-медициналық көмек көрсететін 276 нысанның құрылысы аяқталды. Оның 99-ы 2023 жылы, ал 117-сі биыл іске қосылды. Жалпы жылы 125 нысанның құрылысы жүргізіледі. Оның ішінде 32 аудандық аурухананы жаңғырту жұмыстары жалғасып жатыр.

## БЫЛ РЕКОРДТЫҚ ӨНІМ ЖИНАЛДЫ

Мемлекет басшысы агроөнеркәсіп кешенінің әлеуетін арттыруға айрықша мән береді. Шетелге сапарлары кезінде осы саланың инвестициялық мүмкіндіктерін ұдайы таныстырып жүреді.

Биыл көктемгі су тасқынына қарамастан, 26,7 млн тонна астық жиналды. Бұл – кейінгі 10 жылдағы рекордтық көрсеткіш. Мұны мемлекеттің дикандарға көрсеткен жүйелі қамқорлығы мен қолдауының нәтижесі деуге болады. Көктемгі егін және жиын-терін жұмыстарына 5 пайыз мөлшерлеменен тікелей жеңілдетілген несие беріле бастады. Ол үшін алғаш рет жарты триллион теңгеден аса қаржы қарастырылды.

Негізгі азық-түлік тауарлары бойынша импортқа тәуелділікті азайту – маңызды міндет. Осы бағытта бірқатар жоба іске асырылды. Дәнді дақылдар селекциясы мен тұқым шаруашылығын дамыту туралы кешенді жоспар қабылданды. Дикандар отандық тұқыммен қамтамасыз етілуге тиіс.

Сонымен қатар ауыл шаруашылығы техникасын жаңарту денгейін жылғына 8-10 пайызға дейін жеткізу үшін 120 млрд теңге бөлінді. Техниканы 5 пайыздық мөлшерлеменен лизингке беру бағдарламасы басталды.

Өндірілген азық-түлікті сақтап, тұтынушыға жеткізуге қойма логистика кешендері керек. Алдағы жылдары сыйымдылығы 700 мың тонна болатын қоймалар салынады.

Жалпы, биыл алғаш рет өткен Қазақстанның ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің бірінші форумында агроөнеркәсіп кешенін дамытудың негізгі міндеттері айқындалды. Онда көптеген іс-шарамен қатар, қазақ жылқысының тұқымын сақтау және көбейту үшін арнайы заң қабылданғаны айтылып, енді бұл бағытта тағы бір маңызды қадам ретінде Үкіметке Жылқы шаруашылығы институтын құру жөнінде тапсырма берілді.

## БАЯНДЫ БАСТАМАЛАР

Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялады. Яғни қоғамда адал еңбек, адал азамат құндылықтарын сіңіру жолындағы жүйелі істер атқарыла бастады. Мысалы, денсаулық сақтау мәселелеріне қатысты заң медицина қызметкерлерінің жауапкершілігін айқындап қана қоймай, олардың мәртебесін арттыруды, кәсіби міндетін атқару барысында жан-жақты қорғауды көздейді. Дәрігерлер қауымы бұл жаңалықты ыстық ықласпен қабыл алды.

Туңғыш рет «Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері» құрметті атағы бекітіліп, алғашқы иелеріне табысталды. Жалпы, биыл мемлекеттік наградаға еңбегімен үлгі болып жүрген ел азаматтары көп ұсынылды. Келер жылы бұл игі дәстүр жалғасын тауып, еңбек адамына зор құрмет көрсетіледі.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы білім мен технологияға негізделген экономика құру ісіне зор көңіл бөледі. Мұның бір көрінісі ретінде биыл Ғылым және технологиялық саясат туралы заңға қол қойылуын айтуға болады. Онда ғылыми жетістіктердің нәтижесін өндіріске енгізуді көздейтін технологиялық саясаттың негізгі бағыттары мен тетіктері барынша қамтылды.

## ТАЗАЛЫҚ ӘРКІМНІҢ ӨЗІНЕН БАСТАЛАДЫ

Президенттің бастамасымен сәуір айында жалпыұлттық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы басталды. Көктемгі су тасқынымен арпалысып, дағдарған шақ болса да, Президент өңір

әртүрлі бейіндегі мамандар легін даярлауға жағдай жасайды. Демек оның пайдасын қазіргі жастарымыз бен болашақ ұрпақ көреді» деп атап өткен болатын.

Референдумнан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев Франция Республикасына мемлекеттік сапары аясында осы елдің Президенті Эммануэль Макронмен және Қазақстанға мемлекеттік сапармен келген Ресей Президенті Владимир Путинмен АЭС құрылысы туралы пікір алмасты. Қазіргі уақытта Қытай тарапымен осы бағытта келіссөздер жүргізіліп жатыр. Яғни бірнеше жылға созылатын мегажобаны жүзеге асыру атом өнеркәсібінде мол тәжірибесі бар ірі компаниялардан құралған халықаралық консорциумға жүктеледі.

Жуырда Мемлекет басшысы Энергетика министрі Алмасадан Сәтқалиевті қабылдап, елімізде салынатын атом электр стансасының құрылысын жеделдетуді тапсырды.

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС

Еліміздің сыртқы саясаттағы жетістіктеріне арнайы тоқталған жөн. Қазақстан биыл алты халықаралық ұйымға, атап айтқанда, ШЫҰ, ТМҰ, АӨШК, ҰҚШҰ-ға, Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам ұйымына, сондай-ақ Халықаралық Аралды құтқару қорына төрағалық етті. Франциямен бірге Рязд қаласында One Water саммитін ұйымдастырды. Осы жауапты миссияларды еліміз абыроймен атқарып шықты. Жоғары деңгейдегі кездесулерде маңызды бастамалар көтеріп, тиісті құжаттардың қабылдануына ұйытқы болды. Егемен әрі дербес ел ретінде өзінің саяси, экономикалық, әскери қауіпсіздік салаларындағы басымдықтарын ілгерілету түсті.

Жыл басынан бері Мемлекет басшысы Қатар, Әзербайжан, Сингапур, Тәжікстан, Монғолия, Франция және Мажарстан елдеріне мемлекеттік сапармен, ал Италия, Ватикан, Армения, Түрікменстан және Сербия елдеріне ресми сапармен барды. Мұндағы кейбір елдерге Қазақстан

борты 158 983 шақырымды ұшып өтті. Президент ұшақ пен тікұшақта 245 сағат 18 минутын өткізді. Бұл – жер шарын төрт рет айналып шыққанмен бірдей қашықтық.

## САЛИҚАЛЫ САММИТТЕР

Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына төрағалық аясында шілде айында Астанада аталған құрылымның 24-саммиті өтті. Қазақстанның Ұйымға төрағалық ету кезеңінде түрлі деңгейде 150-ге жуық іс-шара ұйымдастырылып, ұйымның шарттық базасы 60 жаңа құжатпен толықты. ШЫҰ серіктестері саналатын халықаралық ұйымдардың саны көбейді. Инвестициялар жөніндегі арнайы жұмыс тобының қызметі қайта жанданды. Алматы қаласы 2023-2024 жылдары ШЫҰ-ның мәдени және туристік астанасына айналды.

Биыл еліміз Түркі мемлекеттері ұйымына лайықты төрағалық етті. Осы кезеңде 80-нен аса іс-шара ұйымдастырылды. Ортақ түркі әліпбиінің нұсқасы бекітілді. Бес күн бойы Ұлы дала төсін дүбірге бөлеген V Дүниежүзілік көшпелілер ойындары осы ұйымның аясында ұйымдастырылған ең маңызды шараның бірі болды. Дүбірлі додаға 90 елден 2500-ге жуық спортшы келіп, күш сынасты.

## БАСПАСӨЗБЕН БАЙЛАНЫС

Мемлекет басшысы отандық және шетелдік БАҚ-қа бірнеше рет сұхбат беріп, еліміздің ұстанымын білдіретін мақалаларын жариялады. Атап айтқанда, жылдың алғашқы күндері «Egemen Qazaqstan» газетінде кең көлемдегі сұхбаты жарық көрді. Онда Қантар оқиғасына нақты баға беріліп, ел дамуындағы өзгерістер қамтылды.

Сондай-ақ Әзербайжанның АРА, Арменияның «Арменпресс», ҚХР-дың «Синьхуа» ақпарат агенттіктеріне және «Жэньминь Жибао» газетіне сұхбаттары, Францияның Le Figaro, Ресейдің «Известия» басшыларына мақалалары жарияланды.

Биыл Мемлекет басшысы екі рет журналистерге арнап брифинг өткізіп, БАҚ өкілдерінің көкейінде жүрген сұрақтарға жауап берді. АЭС құрылысына қатысты республикалық референдумда дауыс бергеннен кейін Президент отандық бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері үшін брифинг өткізді. Ал 7 желтоқсан күні Доха форумының Newsmaker Interview форматындағы панельдік сессиясы кезінде модератор, CNN журналисі Джулия Чаттерлейдің сұрақтарына жауап берді.

Сондай-ақ Президент шет мемлекеттер басшыларымен бірге БАҚ өкілдеріне арналған 14 брифинг өткізді.

Жыл басынан бері www.akorda.kz ресми сайтына Мемлекет басшысының жұмысы туралы, соның ішінде әртүрлі іс-шараларда сөйлеген сөздері мен үндеулері, Қазақстан халқына Жолдауы бойынша 814 ақпарат жарияланды. Президент Баспасөз қызметінің негізгі платформасының бірі – Aqorda телеграм-арнасына 7804 ақпараттық материал шықса, Баспасөз қызметінің Facebook-тегі парақшасына 1801 пост, Instagram парақшасына 1727 пост жарияланды.

Мемлекет басшысының өзі де шетелге сапарлары, қабылдаған шешімдері жайында әлеуметтік желілердегі парақшаларына пост жариялап, олардың мән-мазмұнынан көшілікті хабарлар етіп отырады. Бұл халықпен кері байланыстың тиімді құралына айналғаны сөзсіз. Жыл басынан бері Президент X-парақшасына 20 твит, ал Instagram парақшасына 30 пост жариялады.

Әлеуметтік желіден бөлек Мемлекет басшысының атына келіп жатқан өтініш, арыз-шағымдар мен талап-тілектерді талдап, саралау Президент Әкімшілігінің Өтініштерді қарауды бақылау бөліміне жүктелген. Биыл 26



өкімдеріне босаңсымай, айналып тазалау, абаттандыру ісіне дереу кірісуге пәрмен берді. Бұл жалпыұлттық сипат алатын тұрақты үдеріске айналуға тиіс екенін қатаң ескертті. Түпкі мақсат – қоғамда экологиялық мәдениет қалыптастыру.

Жыл бойы жүргізілген акцияға 2,4 миллионға жуық адам қатысты. Жүз-деген мың аула мен аумақ тазартылып, 900 мың тоннадан аса қоқыс шығарылды. Шамамен 2,5 миллион қошет отырғызылды. 20 мыңнан аса әлеуметтік нысанның аумағы, 4,6 мыңнан аса қоғамдық орындар, саябақтар, шағын бақтар абаттандырылды. 5 мыңнан аса тарихи-мәдени нысан және 758 сұбұрқақ ретке келтірілді. Өзендер мен көлдердің және басқа да су айдындарының айналасындағы 5,8 миллион шаршы метрден аса аумақ, 8,4 миллион метрден аса арық тазартылды.

## ТАҒДЫРШЕШТІ ТАҢДАУ

6 қазан күні АЭС құрылысына қатысты өткен жалпыұлттық референдумда халық өз ықтиярын білдіріп, таңдау жасады. 5 561 937 азамат немесе дауыс берушілердің 71,12 пайызы АЭС салуды қолдады. Президент АЭС құрылысына байланысты «Бұл Тәуелсіз Қазақстанның бүкіл тарихындағы ең ірі жобаға айналады. Атом электр стансасын салу – ұзақмерзімді жоба. Аталған бастама еліміздің орнықты дамуын оңжылдықтарға ілгерілетеді, сондай-ақ инженерлер шоғыры мен



Президентінің соңғы 20 жылға жуық уақыттан кейін алғаш рет сапарлағанын атап өткен жөн. Бұл Мемлекет басшысының жан-жақты ықпалдастыққа баса назар аударатынын аңғартады. Мемлекеттік және ресми сапарлардан бөлек Президент түрлі халықаралық іс-шараларға қатысу үшін 11 елге жұмыс сапарымен барды. Бұдан басқа, елімізге түрлі деңгейдегі сапармен келген 11 шет мемлекеттің басшыларын қабылдап, келіссөздер жүргізді. Бір жыл ішінде еліміздің бірінші

желтоқсандағы мәлімет бойынша, дәл осы платформа арқылы азаматтардан 49069 өтініш қабылданды.

Бір жылда атқарылған ауқымды шаруаны бір мақаланың шеңберінде қамтып шығу өсте мүмкін емес. Дегенмен жұрт жадында сақталған, мемлекеттің даму тарихында өзіндік орны бар оқиғаларды осылай сараптап өттік.

**Берік УӘЛИ,**  
ҚР Президентінің кеңесшісі –  
Баспасөз хатшысы

/// ИГІЛІК

## СУПЕРЦОН: АЗАМАТТАРДЫҢ УАҚЫТЫН ҮНЕМДЕЙТІН ЖАҢА ФОРМАТ



ҚР Цифрлық даму, инновация және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жасұлан Мәдиев Қызылорда облысына сапары барысында «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы облыс бойынша филиалының Халыққа қызмет көрсету орталығында орналасқан СуперЦОН жұмысымен танысты.

СуперЦОН – Қазақстандағы жаңа форматтағы мемлекеттік қызмет көрсету орталығы. Бұл жобаның артықшылығы – баспана алу, кезегін білу, коммуналдық сала секілді мемлекеттік қызметтердің бір жерде шоғырлануы. Бір терезе қағидасы арқылы қажетті мемлекеттік қызметтерді тиімді және жылдам алуды қамтамасыз етеді.

Министрдің пікірінше, СуперЦОН жұмысы қызмет алушылардың уақытын үнемдеуге, оңай әрі ыңғайлы жағдай жасауға бағытталған. Жаңа

технологиялар мен цифрлық шешімдерді қолданып, кез келген адамның қажетті құжаттарды, мемлекеттік қызметтерді жылдам әрі тиімді алуына мүмкіндік жасалған.

Министр Жасұлан Мәдиев СуперЦОН-ның жұмысына оң бағасын беріп, оның басқа аймақтарда да енгізілуі, кеңінен таралуы қажеттігін атап өтті. Сонымен қатар, халыққа көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттыру үшін тағы да бірқатар шара қабылданатынын айтты.

/// ӨРКЕН

## СЫР ЖАСТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ ФОРУМЫ

Аймақта жыл көлемінде жастар саясаты саласында атқарылған жұмыстарды қорытындылап, келесі жылғы міндеттерді айқындау мақсатында «Армандардан іске: жастардың бастамашылдығы» атты облыстық жастар форумы өтті.

Шарада сөз алған облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов жыл бойында атқарылған жұмыстарға тоқталып, форум қатысушыларына аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың ыстық лебізін жеткізді.

Сонымен бірге, форумда сөз алған спикерлер Алматы Куанышбаев ІТ саласы бойынша, Рахметулла Жаппарбергенов ғылым саласы, Әуелбек Қорғанбеков кәсіп ашу, мемлекеттік бағдарламалар аясында жастарды қолдау, Гани Әбдиев креативті индустрия және әлеуметтік желілер, Төлебай Әкімжан әскери-патриоттық бағыт бойынша өз пікірлері мен ұсыныстарын білдіріп, форумға қатысушы жастардың сұрақтарына жауап берді.

Сонында жыл қорытындысы бойынша үздік деп танылған жастар облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Айта кету керек, өңірде Президенттің, Үкіметтің ерекше қолдауы және облыс әкімінің бас-тамасымен серпінді жобалар жүзеге асырылуда. Быыл өңір жастарын қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз



ету үшін «Сыр жастары» өңірлік тұрғын үй бағдарламасы» қабылданып, 100 жас отбасына пәтер кілттері табысталды. Бағдарлама келесі жылы да жалғасады. Ол үшін қажетті қаржы облыстық бюджеттен қаралды.

Жыл сайын аймақта сұранысқа ие мамандықтар бойынша халықтың әлеуметтік осал топтарынан және көпбалалы отбасынан шыққан балаларға арналған облыс әкімінің 100 гранты тағайындалып келеді. Бүгінге

дейін 1494 жас грант иегері атанды.

Жастар кәсіпкерлігі бағытында қаржылық қолдау бағдарламасы арқылы несие портфелі 5 млрд теңге болатын жас кәсіпкерлердің 227 жобасы субсидияланды. Сондай-ақ 2,7 млрд теңгеге жас кәсіпкерлердің 158 жобасы бойынша кепілдік шарты жасалды. «Аграрлық несие корпорациясы» арқылы 1,6 млрд теңгеге жас кәсіпкерлердің 93 жобасы қаржыландырылды, 15 мыңға жуық жас жұмыспен қамтудың белсенді шараларына тартылса, 608 жас жаңа бизнес идеяларды іске асыруға



арналған қайтарымсыз грант алып, кәсіптерін ашты.

**Облыс әкімінің баспасөз қызметі**

/// РУХАНИЯТ ЖЫЛЫ

## ЕСТЕ ҚАЛАР ЕРЕКШЕ ЖЫЛ

Тарих қойнауына еніп бара жатқан 2024 жыл аймақ өмірінде айтулы жаңалықтарымен есте қалды. Облыстың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіші көш ілгері. Жыл аясында жаңадан бой көтеріп, ел игілігіне берілген сәнді де сәулетті ғимараттар қала келбетін арттыра түскен. Өңірде «Руханият жылы» деп жарияланған бұл жылда тарихымыздан сыр тартып, әдебиет пен мәдениетке мән беріп, елдің рухын көтеруде елеулі жұмыстар атқарылды.

Шаһарда бой көтерген «Өнер орталығы», «Анаға тағзым», «Руханият», «Отбасы» орталықтары, сондай-ақ, жас ұрпақтың жарқын болашағын қалыптастыру бағытында Президент тапсырмасына сай пайдалануға берілген «Жайлы мектеп», одан бөлек, «Оқушылар үйі», Физика-математика мектеп-интернаты, «Теннис орталығы» сияқты әлеуметтік маңызы бар нысандар жыл бойы атқарылған жұмыстардың айқын нәтижесі. Тағы бір жаңалық, таяуда ғана ел игілігіне берілген халықаралық стандарттарға сай қызмет көрсететін Қорқыт ата әуежайы Сыр аймағының сәулетін арттыра түскендей.

«Өнер орталығы» өңір тұрғындарына ұлттық дәстүрлі нақышта, сондай-ақ симфониялық, эстрадалық жанрда концерттік бағдарламалар ұсынып, рухани-танымдық қызмет көрсетеді. Жалпы 1000 келушіге арналған заманауи орталықта бірнеше өнер ұжымдары шоғырланған. Соның бірі – облыстық филармония.

Айта кетейік, өңірде өнер мен шығармашылықтың дамуында облыстық филармонияның орны ерекше. Бүгінде оның құрамында Тұрмағамбет атындағы ұлт аспаптар оркестрі, камералық оркестр, сондай-ақ дәстүрлі және эстрада жанры бойынша кәсіби өншілер қызмет етеді. Былғы жаңалықтың бірі, филармония жанынан симфония оркестрі құрылды. Оркестр осы күнге дейін бірнеше салтанатты жиындарда өнер көрсетіп, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді.

Сыр елі кешегі сүйлейлер сарынын

бүгінге жалғап келе жатқан жырыш-термешілер, айтыскер ақындардан кенде емес. Бұл орайда облыста «Жыраулар үйінің» пайдалануға берілген дәстүрлі өнерді дамытуға бағытталған онтайлы қадамның бірі болды. Бұдан бөлек, қалалық мәдениет үйі жанындағы Жастар театры дербес шаңырақ көтеріп, ұжымның шығармашылық әлеуеті ұлғайды. Театр құрамы талантты жастармен толықты. Сондай-ақ салада инклюзивті театр, заманауи би, хор ұжымдары жасақталды. Тағы бір айта кетерлік тың жаңалық, облыс әкімінің қолдауымен мәдениет мекемелерінің мамандары Италия, Беларусь елдеріне сапарлап, біліктілігін арттырды.

«Руханият жылының» мәнін арттыра түскен бастаманың бірі – Мәдениет, өнер, әдебиет өкілдерін қолдау мақсатында тағайындалған облыс әкімінің «Тұран» сыйлығы. Бүгінге дейін бұл сыйлықты жиырмадан астам өнер және шығармашылық өкілдері иеленді.

«Сыр өңірі – түркі мәдениетінің алтын бесігі». Жуырда Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында Астана қаласындағы ҚР Ұлттық музейінде осы тақырыпта көрме ұйымдастырылды. Көрмеге ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралар тізіміне енген Қорқыт баба туындылары, «Шірік Рабат сак жауынгері», «Сығанақ ханшайымы» «Түгіскен көсемі» мен «Жетіасар ақсүйек әйелі» реконструкциялары, XIX-XX ғасырларда Сыр бойы қазақтары пайдаланған құнды этнографиялық бұйымдар,



зергерлік әшекейлер коллекциясы көпшіліктің назарын аударды. Айта кетейік, бүгінде облыстық өлкетану музейінің жаңа құрылысы басталды.

Жыл аясында Сыр елінде композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, «Парасат» орденінің иегері Төлеген Мұхамеджанов пен Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстан және Татарстан Республикасының Халық артисі Нұржамал Үсенбаеваның шығармашылық кеші, сонымен қатар, Әлем артисі, Қазақстанның Халық артисі, Еңбек Ері, академик Айман Мұсақожаеваның классикалық концерті өтті. Сондай-ақ Қызылорда облысының мәдениет және өнер күндері аясында аймақ өнерпаздары Астана, Алматы қалаларында концерт беріп, Сыр бойы өнерін айшықтады.

Әлемге әйгілі әдебиет алыбы, КСРО мемлекеттік сыйлығының

лауреаты Әбдіжәміл Нұрпейісовтің 100 жылдығына орай Қазақстан Жазушылар одағының бастамасымен халықаралық ғылыми-танымдық конференция өтті. «Біздің Әбе» атты естелік кітаптың тұсауы кесіліп, жазушының тұрған үйіне ескерткіш такта орнатылды. Осы бағыттағы рухани басқосулар облыс орталығында ұйымдастырылып, одан соң қалам иесінің туған жері – Арал өңірінде жалғасын тауып, республикалық ғылыми-танымдық конференция, жазушының шығармашылығы мен өмір жолына арналған суретшілер симпозиумы, «Қанатты қалам» атты поэзия фестивалі, «Қан мен тер» романының желісі бойынша қойылған спектакль сияқты танымдық іс-шараларға ұласты.

«Руханият жылында» жеті ауданда құны 11 млрд 500 млн теңге болатын, ішінде неке кино залы, кітапхана, музей, архив, жастар сарайы, арда-

герлер мен аналар үйі бар «Руханият» орталықтарын салу жоспарланған болатын. Оның алғашқысы Қармақшы ауданында пайдалануға берілді.

Бұл орталықтарда ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүр сабақтастығы насихатталып, өскелең ұрпақты туып-өскен өңір тарихын, ұлттық фольклор, әдебиет, мәдениет әлеміндегі бай қазынасын танып-білуге тәрбиелейді. Айта кетейік, бұған дейін бой көтерген «Анаға тағзым» орталығы, «Отбасы орталығы» да өз ұлт құндылығын насихаттайтын іргелі шаңыраққа айналды. Сол секілді, балалар мен жасөспірімдерге арналған «Шығармашылық академиясы» бой көтереді.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Руханият жылы» аясында Сыр өңірінің төл өнерін насихаттауға толассыз үлесін қосып жүрген мәдениет саласы қызметкерлеріне 40 қызметтік пәтердің кілтін табыстады. Иә, бұл өнер адамдарына деген қолдаудың ең жоғары көрінісі десек болар.

Иә, қай заманда да Алаш ұрпағына айшықты орда болған Сыр елінің тарихи тереңнен бастау алған. Сыр өзенінің төменгі ағысының бойында сонау Сақ тайпасынан бері әр кезеңде астана болған тарихи төрт шаһардың ізі жатыр. Алғашқысы, Арал маңындағы сак тайпасының астанасы болған Шірік Рабат қаласы болса, одан кейін оғыздар мемлекетінің астанасы Жанкент қаласы, Қыпшақ хандығының, Ақ Орданың, Қазақ хандығының астанасы Сығанақ қаласы және 1925 жылы Қазақ АКСР-нің астанасы болды.

Қазақ АКСР-нің астанасын Қызылорда қаласына көшіру туралы шешім қабылданған соң жаңа астанада өткен Кеңестік Қазақстанның V съезінің Қаулысымен, 1925 жылдың 19 сәуірінде қырғыз-қазақ атауы Қазақ болып өзгертілді. Сонымен қатар, осыған дейін Перовск аталып келген Сыр бойы бас қаласының атауы Қызылорда болып ауысты. Әсіресе, халқымызға Қазақ атауының қайтарылуы ұлт тарихындағы аса маңызды саяси шешімнің бірі. Айта кетейік, алдағы жылы осынау тарихи сәт – Қызылорда қаласының алғаш астана мәртебесін алғанына және ұлттымызға Қазақ атауының оралғанына 100 жыл толады. Демек санаулы күндерден кейін төрімізге енетін Жаңа жылдың да Сыр халқы үшін маңызы бөлек.

Осылайша өткен жыл өзіндік ерекшелігімен есте қалды. Келер жылдан да күтер үмітіміз мол. Ең бастысы, еліміз аман, Отанымыз тыныш болсын!

**Ғазиза ӘБІЛДА,  
«Сыр бойы»**



/// ДЕПУТАТ ДИДАРЫ



## ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР ШЕШІЛІП КЕЛЕДІ

Облыстық мәслихат депутаты Жанкелді Ысқақтың белсенділігін жиі байқаймыз. Халық қалаулысы сайлаушылардың өтініш-тілегін жеткізуге әрі оның орындалуына әрекет ынталы. Өмірінде маңызды мәселелер екені даусыз. «Атап» партиясы бойынша партиялық тізіммен сайланған депутат негізінен Жаңақорған ауданы бойынша тұрғындар тарапынан айтылған мәселелердің оң шешілуіне белсене атсалысып келеді.

— Жаңақорған ауданында аяқсу мәселесіне байланысты проблема кездеседі. Және ол біраз жылдан бері шешімін таппай келеді. Жергілікті тұрғындардың өтінішіне орай мәселені тиісті орындар назарына ұсынған едім. Атап айтқанда, аудандағы бірқатар елді мекендерді сумен қамтамасыз ету үшін «Тайпақкөл» көлдер жүйесінің каналдарын реттеп, су жүруіне ықпал жасалуы тиіс. Бұған әрине, тиісті мекемелердің қолдауы қажет. Сонымен ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігі тарапынан жауап берілді. Онда «Тайпақкөл-Қандыарал» көлдер жүйесіндегі суару жүйесінің құрылысы «2024-2028 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының су саласын дамытудың» кешенді жоспарына енгізілген. Құрылыстың орындалу мерзімі 2025-2026 жылдарға белгіленген. Оған республикалық бюджеттен 1 млрд 300 млн теңге шамасында қаржы бөлінеді деп жоспарланып отыр. Бұл ауыл шаруашылығы саласында суару жүйелерінің өнімділігін арттыруға оң әсерін тигізеді, — дейді Жанкелді Ойшыұлы.

Сондай-ақ тұрғындар тарапынан «Қарғалы» елді мекеніне Байкөне ауылы арқылы баратын каналға насос қондырғысын орнату бойынша ұсыныс түскен еді. «Жаңақорған Сушар» өндірістік учаскесі қолдау жасап, мәселе оң шешімін тапты.

Жергілікті тұрғындармен жүздесу барысында Жаңақорған ауданындағы «Еңбек», Сунаката, Қожамберді, «Суттіқұдық», «Екпінді» елді мекендеріне газ құбырын жүргізуге қаржы қарастыру жөнінде ұсыныс айтылды. Оған қатысты облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының берген жауабында шешу жолы қарастырылып жатқаны көрсетілген. Атап айтқанда, ҚР Қаржы министрінің «Бюджеттік өтімді жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» 2014 жылғы 24 қарашадағы №511 бұйрығына сәйкес «2025-2027 жылдарға арналған республикалық бюджетті қалыптастыру шеңберінде» бюджеттік өтімді биылғы жылдың маусым айында тиісті министрлікке жіберілген. Дегенмен аталған жобаларды қаржыландыру бюджеттік өтімді мерзімінен кеш ұсынылған. Сондықтан ол 2025 жылғы республикалық бюджеттің бірінші нақтылауында талқыланады.

— Жаңақорған кентіндегі «Саяжай-1» учаскесінің инженерлік инфрақұрылымын жақсарту мақсатында облыс басшылығына ұсыныс-пікірімді жеткізген едім. Сол аумақты егжей-тегжейлі жоспарлау жобасына сәйкес 300 гектарға инженерлік инфрақұрылым желілерін жүргізу жоспарланған. Осыған орай тиісті мекемелер тарапынан берілген жауапта газ, су, электр жарығымен қамту жобаларының бюджеттік өтімді республикалық бюджеттен қаржыландыру мақсатында ҚР Құрылыс және өнеркәсіп министрлігіне ұсынылғаны айтылған. Тұрғындар тарапынан Жаңақорған кентіндегі С.Қожанов көшесіне жаяу жүргіншілер жолын орналастыру жиі қозғалады. Бұл — аудан орталығындағы негізгі көшелердің бірі. Онда аудандық полиция, төтенше жағдайлар, балабақша және мектеп орналасқан. Оған қоса көше бойында ауыр жүк көліктері жиі жүреді. Жаяу жүргіншілер қауіпсіздігі ойластырылмаған. Ұзындығы 2170 метрді құрайтын көшеге қатысты облыстық экономика және қаржы басқармасы бюджеттік комиссия қарауына ұсынылғаны жеткізді. Алдағы уақытта шешімін табады деп санаймын, — деді Жанкелді Ойшыұлы.

Сондай-ақ депутатқа Жаңақорған ауданы білім саласы зейнеткерлері атынан хат келіп түскен. Бұл бойынша облыстық білім басқармасынан келген жауапта ардагерлердің ұзақ жылғы еңбегі ескеріліп, кәсіподақ тарапынан әлеуметтік көмек көрсетіліп жатқаны белгілі болды.

Жаңақорған ауданына қарасты «Ақүйк» ауылдық округіндегі Н.Түршеков және М.Әбжанпаров көшелерін жарықтандыру үшін жоба-сметалық құжат дайындалған. Сол арқылы «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автожолынан елді мекеннің басты көшесіне дейін жарықтандыруға мүмкіндік туады. Облыстық экономика және қаржы басқармасы бұл бойынша өтімді ұсынылғаннан кейін облыстық бюджеттік комиссияның қарауына берілетінін жеткізді.

Әділжан ҰМБЕТ,  
«Сыр бойы»

## ЕҢБЕКПЕН ЕСЕЙГЕН АЗАМАТ

Таң шапағы арайлы тау тасасынан бойлай көтерілген күн нұрына тәтті бір сезіммен құмарта қараған Әлібек, автокөлігіне отырып ауыл шетіндегі төрт түлік мал жайғасқан үлкен базға қарай бет түзеді. Күнделікті дағдысы осы. Жастайынан еңбекпен буыны қатқан ол ерте тұруды бала жастан әдет етті. Тек ауылының ғана емес аудан көлемінде сөзінің уәлілігімен, аузы дуалы қария атанған әкесі Машбек ақсақал үнемі балаларына «Ерте тұрған еркектің ырысы артық», «Адамды адам еткен — еңбек» деген халық даналығын айтудан шаршамайтын. Жастау кезінде осы сөзді әкем неге қайталай береді дейтін. Өзі де есейе келе әке сөзінің мәнісін түсініп бағамдады. Осы күні әке сөзін өз балаларына айтып келеді. Сірә дана халқымыздың «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің», «Еңбек — ер атандырады» деген уәлі сөзінің сыры осында жатса керек.



Атшаптырым ауқымды жерді алып жатқан қораға көлік тұмсығын тірегенде ішінде қарбалас тіршілік басталып кеткен екен. Бұл — кезінде өзі құрған «Игілік» шаруа қожалығы. Күнделікті таңертең және кешқұрым мұнда соғып кету оның дағдылы шаруасы. Қорада бордақылауға және өрістен ауырған немесе қоңы қайтқан жылқы, ірі қара мен уақ малдар жақ. Солардың бабын жасап жүрген шаруалардың жұмысын бақылайды.

Әлібек еңбекке ерте араласты. Алдындағы ағасы Бердібек пен әпкесі Айсара жоғары оқу орындарына түсіп кетті де, үйдің үлкені болып қалды.

Әке-шешесі сонау үркіншілік кезінде 1928 жылдың сарша тамызында әкесі Сапарбайға ілесіп шекара асып Өзбекстанға, онан әрі Тәжікстанға барып бой тасалапты. Сол жақта соғыс аяқталғанша мекендеген олар кейін Қазақстанға қарай жақындаса да бірден көшіп келуге бетпай Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтарал ауданына қарасты Алғабас деген жерге келіп ат басын тірейді. Мұндағы халықтың негізгі кәсібі — мақта шаруашылығы. Көшіп келген жерлерінде Тәжікстандағыдай көп мал асырауға жағдай жоқ. Әр шаршы метр есепте. Бірлі-жарым малды тек қолда ұстап арқандап бағасын. Амаж жоқ қолдарындағы малдарының сатылғанын сатып, сауынға деп бір-екі бас ірі қараны ғана алып қалады. Әлібек осы арада 1961 жылдың 1 қаңтарында дүниеге келді. 5 жасынан әкесі Машбек пен анасы Бибіше еріп мақтаның отағына барып, оны жинауға көмектесті. 1967 жылдың күзінде «Ақжол» ауылына көшіп келді. Осында жүріп алғаш мектеп табалдырғын атады. 1976 жылы сегіз жылдық мектепті бітіріп өзінің бала кезден техникаға құмарлығымен құжаттарын №187 кәсіптік-техникалық училищеге тапсырды. Апта сайын ауылға келгенде бөлімшедегі механизатор Мырзахан, Әлмахан, Төрехан секілді ағалардың қасына еріп жүрді. Олардың бір пәс демалысын пайдаланатын, солардың көлігімен мал азығын қораларға тасыса, кейде күріш салысын артып алып қырманға қатынады. Механизатор ағалары техникалық жөндеу жұмыстарын жүргізгенде бұл да қарап қалмай көмектесті. Осылайша оқуын бітіргенше-ақ ол техника құлағында ойнайтын дәрежеге жетті. 1979 жылы шофер-механизатор мамандығы бойынша бітірді де, 1981 жылға дейін «Өзгент» кеңшарында механизатор болып еңбек етті. Сол жылы Отан алдындағы борышын өтеуге аттанып, 1983 жылы ауылға оралды.

Қайтадан бұрынғы механизаторлық қызметіне кірісті. Үйленді, бала-шағалы болды. Еңбеккер жігіттің талпынысы басшылық назарынан тыс қалмады. Өуелі механик, кейін гараж менгерушісі, онан кейін жабдықтаушы қызметтеріне жоғарылатылды. Таңның атысы, күннің батысы жұмыста. Әйтсе де, жоғары білім алуы керек. Соған Қызылордадағы Қорқыт ата университетіне құжат тапсырып өндірістен қол үзбей жүріп оқып, 1995 жылы инженер-механик мамандығы бойынша бітіріп шықты. Сол

жылы «Өзгент» өндірістік кооперативінің директорылығына тағайындалды. 1997 жылы шаруашылық тарағанша еңбек етті. Мұнан кейін облыстық көлік бақылау комитетінің бас маманы, Жаңақорған аудандық филиалының басшысы болып 2014 жылға дейін еңбек етті. Сол жылдан 2022 жылға дейін «Қазавтожол» Қызылорда облыстық филиалында аға шебер болып жұмысын жалғастырды. Қазір бір жағы сол бағыты өзі құрған «Игілік» шаруа қожалығының басшысы болса, екінші жағынан «Жаңақорған — Орлеу 1» су пай-

Ендігі кезек мына сендердікі. Еліміз егемендік алды. Жұмыс істеймін, отбасымның жағдайын жақсартамын дейтін азаматтарға бар мүмкіндік жасалуда. Сендер де «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарсандар» алынбайтын асу жоқ. Мына ағаларың Әлібекті бас етіп, істі қолға алсаңдар Алла сәтін салар», — дегені бар. Машбек қария қателеспепті, Әлібек осыған дейін жинақтаған тәжірибелерінің арқасында шаруашылықты дұрыс басқарып келеді.

Әлібек алдымен кооператив ашып, несие рәсімдеді, сол қаржыға мал мен техника алды. Кең-

— Ереке, әкем марқұм, «Тамшыдай өтірік, теңіздей сенімді бұзды», деп отырушы еді. Депутат — билік пен халық арасындағы алтын көпір. Халық өздерінің билікке жеткізе алмаған өтініш-тілектерін бізге айтады. Әрине, мен, сайлаушылар аманаттарын 100 пайыз орындадым десем, шындықтан алыс кеткенім. Кейбір мәселелер шешімін таппай қалатын кездер болды. Дегенмен сол аманаттарды келесі шақырылымда орындадым. Менің ел сенім артқан әріптестерім де солай.

Өзім депутат болған 17 жылдың ішіндегі «Ақжол» ауылындағы толық инженерлік жүйеге өтпеген егістік жерге су жеткізетін каналдарға тиісті орындарға шығып жүріп жеті млн теңгеге тазауа жұмыстары жүргізілді. Осы ауылға жастардың бос уақыттары тиімді пайдалануына деп спорт алаңын салдыруға қаражат бөлгіздім.

«Батыс Еуропа — Батыс Қытай» күре жолының «Аққұм» бекетіне 12 шақырым асфальт жол салдыруға атсалыстым. Орайы келгенде айта кетейін, сол ауылдағы Тілеухан Мүсілімов есімді қария осы жол құрылысы аяқталғанша басы-қасында тұрды. Сондықтан Тілеухан қарияға ерекше ризашылығымызды білдіргім келеді. Алтынсарин мөлтек ауданындағы тұрғын үйлер соңғы жиырма жылдың ішінде жөндеу көрмеген. Оны жөндеуге жергілікті бюджеттен қаржы аудартуға қол жеткіздім және биыл теміржол өткелінен Сырдария өзеніне дейінгі жолға орташа жөндеу жұмыстарына қаржы бөлініп, жол асфальтталды. Алтынсарин мөлтек ауданында 100 пәтер салынуда. Міне, осындай жұмыстардың жүзеге асуына депутат ретінде дәнекерлік танытып келеміз, — дейді Әлібек Машбекұлы.

“  
*Батыс Еуропа — Батыс Қытай күре жолының «Аққұм» бекетіне 12 шақырым асфальт жол салдыруға атсалыстым. Орайы келгенде айта кетейін, сол ауылдағы Тілеухан Мүсілімов есімді қария осы жол құрылысы аяқталғанша басы-қасында тұрды. Сондықтан Тілеухан қарияға ерекше ризашылығымызды білдіргім келеді. Алтынсарин мөлтек ауданындағы тұрғын үйлер соңғы жиырма жылдың ішінде жөндеу көрмеген. Оны жөндеуге жергілікті бюджеттен қаржы аудартуға қол жеткіздім және биыл теміржол өткелінен Сырдария өзеніне дейінгі жолға орташа жөндеу жұмыстарына қаржы бөлініп, жол асфальтталды. Алтынсарин мөлтек ауданында 100 пәтер салынуда. Міне, осындай жұмыстардың жүзеге асуына депутат ретінде дәнекерлік танытып келеміз, — дейді Әлібек Машбекұлы.*

даланушылар кооперативінің басшысы болып еңбек етіп келеді.

Бірде әкесі Машбек қария ұлқызына: «Қарактарым, Құдайға шүкір сендердің балалық шақтарың бақытты өтті деуге болар, мен секілді тұрмыс тауқыметін көрген жоқсыңдар. Жастық шағым Кеңес өкіметінің аумағында демесен өзге республикаларда өтті. Әсіресе кешегі Ұлы Отан соғысы кезінде мектеп көрмей сонау Памирден Самарқанға түйемен сексеуіл тасыдық. Ол кездері біз секілді 12-13 жастағы балаларға сен жас екенсің деп маңдайымыздан сипаған ешкім жоқ, сол сексеуіл таситын кірешілерге қосты. Сексеуілді бұтап-жинап түйеге артып Самарқанға қатынаймыз. Үйге 2-3 күн дегенде эзер ораламыз. Осындай сапарлардың бірінде майып болып екі аяқтан мүгедек болдым. Самарқанның ауруханасынан шыққаннан кейін де мені «сен мүгедек екенсің, жұмысты қоя ғой» деген адам болған жоқ. Қайтадан бұрынғы кәсібіме кірістім. Соғыстан кейін Қазақстанның шекарасына жақын көшіп келдік, мақта ектік. Алпысыншы жылдардың екінші жартысында туған жерде «Түгіскен» массивінің ашылуына орай елден Әбдіғалпай, Ақылбек, Бекмахан, Шерубай, Әламан, Құдабай секілді ел ағалары келіп, қуғын-сүргіннің назарынан тыс қалмады. Біз осылайша елге оралдық. Міне содан бері ширек ғасыр болды, біреуден ілгері, біреуден кейін өмір сүрудеміз. Азды-көпті еңбегім еленбей қалған жоқ, қолдан келер біраз жұмыс атқардым, звановод болып күріш ектім, бригада басқардым.

шардан алған жерге күріш, бидай, жоңышқа екті. «Еңбек еткен ерінбей — тояды қарның тіленбей» демекші, еткен еңбектің де қайтарымы мол болды. Малдан да табыс молайып төрт түлік санын арттырып, бірнеше жылда аудан көлеміндегі көшбасшылардың қатарына енді.

Алғашқыда қарапайым уақ малдың басын көбейтуді ойлаған шаруақор азамат жылдар өте мал тұқымын асылдандыруды іске асырды. Мемлекет тарапынан сатылатын асылтұқымды қарақол қой тұқымының қошқарларын әкелді. Еңбегі еш кеткен жоқ. Селекциялық жұмыс санаулы жылда нәтиже беріп, асылтұқымы қой тұқымы қалыптасты. Бұл әрине қарапайым қойларға қарағанда мол өнімді әрі бағалы. Қазіргі таңда уақ мал басы бірнеше мыңға жетті. Сондай-ақ жылқы мен сиыр, түйе түліктерін де асылдандыруды қолға алды. Осыныша жұмыс оңайлықпен атқарылмағандығы көзқаракты жаңа белгілі болса керек. Әлібектің сан салалы жұмыстарында бұл күні жүзден астам адам жұмыспен қамтылып отыр.

Мемлекеттен несие алды. Жұмысы тоқтап дағдарысқа ұшыраған жанармай құю бекеттерін сатып алды, халық сұранысына орай 3-4 жерден жанармай құю бекеттерін ашты. Мемлекет тарапынан шаруалардың көктемгі да ла жұмыстарына және күзгі егін жинау науқанына жеңілдетілген бағада берілетін жанар-жағармайды жеткізуші оператор ретінде жұмыс жасауда. Бұл да оңай шаруа емес.

Әлекен 2007 жылдан бері, яғни бес шақырылым бойы аудандық мәслихат депутаты. Халық сенімің әркез жоғары қою оның үлкен мақсат-мұраты.



/// С.ҚОЖАНҰЛЫ – 130



# АЛАШТЫҢ АРДАҚТЫ ҰЛЫ ЛАЙЫҚТЫ ДӘРІПТЕЛСЕ ИГІ

Биыл – ұлтымыздың ардақты ұлдарының бірі, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым, ұстаз, публицист Сұлтанбек Қожанұлының туғанына 130 жыл.

С.Қожанов – қазаққа, жалпы түркі жұртына айтулы еңбек сіңіріп, өшпес із қалдырған ірі тарихи тұлға. 1920-1922 жылдары Түркістан республикасының Ішкі істер, Халық ағарту, Жер шаруашылығы халық комиссары қызметтерін атқарды. 1922-1924 жылдары Түркістан КП комитетінің хатшысы, атқару комитеті төрағасының орынбасары, РК(б)П ОК Орта Азия бюросының мүшесі болды. 1924 жылы РК(б)П Қазақ өлкелік партия комитетінің екінші хатшысы қызметін атқарды. 1925 жылы ұлт республикалары бойынша жауапты нұсқаушы лауазымымен Кавказға, 1928 жылы Ташкентке Орта Азия Бюросына қызметке жіберілді. 1929 жылы Орта Азия мақта-ирригациялық политехника институтын (САХИПИ) құрып, алғашқы директоры болды. 1929-1931 жылдары Орта Азия мақта-жіп фабрикасының директоры қызметін атқарды. 1931-1932 жылдары БК(б)П ОК аппаратында істеді.

Сұлтанбек Қожанұлы бастаған халқымыздың ұлтжанды қайраткерлерінің ұлт мүддесі жолындағы күресі нәтижесінде, бүкіл қазақ жері бір мемлекетке біріктіріліп, Қазақ АКСР-ның қалыптасуы аяқталды.

Осы орайда, Сұлтанбек Қожанұлының басқа да белгілі қайраткерлермен бірге ұлттық аумақтық межелеуді жүргізу жұмысы барысындағы халқымыз үшін атқарған қызметін, Жер-Ана үшін күресін астын сызып тұрып, үлкен мақтаныш сезіммен айта аламыз.

С.Қожановтың Сыр еліндегі еңбектері де өз алдына бір төбе. 1918 жылы Түркістандағы ашаршылықпен күрес жөніндегі комиссияны тікелей басқарды. Аштықпен күресетін орталық комиссияның мүшесі ретінде 1918 жылғы қарашадан бастап Созақ, Түркістан, Жаңақорған, Шиелі, Қызылқұм өңірлерінде ашыққан адамдарды тамақтандыратын арнайы орындар ашуды ұйымдастырды. «Сұлтанбектің шүлен көжесін-ай» деп бұрынғы қариялар кейінге дейін, көздеріне жас алып, естеріне алып отыратын. Есепсіз кісі құрбан болған нәубеттен қанша адам аман қалды. Солардың ұрпағы – біздер, бұл еңбекті ұмытпауымыз керек.

1925 жылы 15-19 сәуір күндері Ақмешіт қаласында Қазақстан кеңестерінің V құрылтайы өтті. Бұл бүкіл Қазақ жері тұтастай біріктірілгеннен кейінгі өткізілген тұңғыш Бүкілқазақтық құрылтай еді. Осы құрылтайда Сұлтанбек Қожанұлының бастамасымен екі тарихи шешім қабылданды. Ол батыл түрде халқымыздың дүрыс тарихи атауын қайтаруды, яғни «қырғыз-қайсақ» атауымен бұрмаланып келген халқымыздың «қазақ» атауын қайтаруды күн тәртібіне қойып, «қазақ» атауын қайтаруға мұрындық болды және астана мәселесін көтеріп, оны қазақ халқы тығыз қоныстанған Ақмешіт қаласына ауыстыруға, астана атауын Қызылорда деп атауға қол жеткізді.

Келесі жылы бұл оқиғаға 100 жыл толмақ!

Сыр елін қазақылықтың қаймағы бұзылмаған ордасы деп бағалап, өзі бастап отарба-

мен Орынбордан астананы Қызылордаға көшіріп әкелуі біз үшін үлкен мәртебе.

Соңғы жылдары бас қаламыз кең етек жайып, көркейіп, өркендеп келеді. Көптеген мәдениет ошақтары бой көтеруде. Сырдың бас қаласы мәдениет орталығына айналу бағытында. Сонымен қатар, қаламыздың тарихтан тағлым берер әлеуеті де зор. Ұлтымыз үшін баға жетпес, қайталанбас тарихи шешімдер, ұлттымызға «қазақ» атауының қайтаруы мен ұлтты дамыту үшін астанамыздың ресей туы тігілген жерден, қазақы ортаға, Қызылордаға көшірілуі, Сыр елі үшін, Қызылорда қаласы үшін баға жетпес абырой. Осы шешімдерге мұрындық болған Сұлтанбек Қожанов бабамыз осы топырақта барынша ұлықтауға лайық тұлға.

Сұлтанбек Қожанұлының 130 жылдығының аясында республика көлемінде көптеген шаралар ұйымдастырылып, аталып өтілуде. Туған жері Ақсүмбеде дүбірлі той өтсе, Кентауда республикалық ғылыми конференция өткізіліп, Астана төрінде 3000 оқушысы бар №64 мектепке аты берілді. Бұл айтулы шаралардың бір парасы ғана.

Қызылорда қаласында С.Қожанов атына көше берілген. Алайда оның ұзындығы 450 метр, бойында елуге жетпейтін үй орналасқан. Көше ортасынан ғимарат салынып, ол екіге бөлінген, жарықтандырылмаған, екі көлік қатар жүре алмайды, көшенің басына кірген көлік артқа жүріп шығады. Заманауи талаптарға сай емес, жетімнің күнін кешкендей жағдайда тұр. Осыдан 15 жылдай бұрын Қызылорда қаласындағы №6 Смағұл Ысқаков атындағы Қызылорда құрылыс және бизнес колледжі алдына қойылған ескерткіші де қазір тасادا қалған.

«Сұлтанбек Қожанов – ақиқат алдында ардақталуға өбден лайық тұлға. Елі үшін жанын берген рухы күшті, тұлғасы биік азамат. Оны тарих тұғырына көтеріп, мақтаншы ету – Тәуелсіздік күрескерлерінің қазіргі буыны біздер үшін қарыз да, парызы да» деп жазды белгілі каламгер Б.Қойшыбаев.

Сұлтанбек Қожанұлының 130 жылдығын бүкіл қазақ халқы атап өтіп жатқанда, Сыр елінде де құрмет көрсетіліп, Қызылорда қаласының 100 жылдығы мерейтойына орай қала орталығынан лайықты көше берілсе және ескерткішін қоятын саябақ берілсе, нұр үстіне – нұр болар еді.

Бүгінгі таңда Сыр елінің әлеуметтік-экономикалық дамуына және облыс орталығымен қатар аудан, ауылдарға дейін өркендеуіне жағдай жасап, «Сыр – Алаштың анасы» деген абыройлы атты жоғары ұстауға қызмет жасап жүрген ұлтжанды елдің басшылығынан осы ұсынысқа қолдау білдіреді деген сенімдеміз.

**Қалқазбек ӘЖІБЕКОВ,**  
**ҚР еңбек сіңірген қайраткері,**  
**Қызылорда облысының Құрметті азаматы,**  
**Нұрлыбек ҚАЛЕКЕЕВ,**  
**ҚР Ішкі істер саласының құрметті азаматы**



## Қара Жүргенұлы тартқан тауқымет

### Алғы сөз

Қара Жүргенұлы қазанында қара су ұйыған өте ауқатты, ел-жұртына қамқор, мешіт салдырған, Қара би атанған зиялы адам болған. Қазақстан үкіметінің Халық ағарту комиссары Темірбек Жүргеновтің әкесі.

Сырдария облысы Қазалы уезіндегі «Қуандария» болысын басқарған. Түркістан генерал-губернаторлығының бірінші генерал-генерал губернаторы, генерал-адъютант К.П. фон Кауфман Ташкентке барар-қайтар жолында Қара бидің Ырғыз өңіріндегі «Жабасақ» қыстауына, Қарақұмдағы «Қоңыртөбеге» («Қараның құмы» атанған) арнайы сәлемдесіп, келіп тұрған. Ол қазақ даласының қасиетіне, оны мекендейтін халықтың мәрттігіне, тұрмыс-тіршілігіне, табиғатпен тұтастығына тәнті екенін жасырмаған. Бір кездесуінде «Қара мырза, сіз өткен жолы «сүтке көп қарасаң қан көрнеді деген едіңіз», соны көп ойланып қорыта алмадым, іс жүзінде қалай, сөз жүзінде қалай, түсіндіруіңізді өтінемін» депті. Қараның сол тағалымды, сөзбен өргеніне және бір қазан түйе сүтінен бір тостаған қанды қалай алғанына таңғалып, бас иген екен. Бірде «Орынбор-Ташкент» сапарында Қара биге соғып, алтын самаурын сыйға тартқан.

Кәмпескеленіп 1929 жылдың күзінде Қарқаралыға жер аударылып бара жатқанда (Арқаға сол бағытпен көшкен) жолай «Қоңыртөбе», қасындағы «Ұя-байдың үй тамы» арқылы Ерімбетжағада (Киров колхозы) отырған Төртқараның қожасы саналатын Айқожа ахунның ауылына соғып, әрі қарай аттанған.

Шағын ауыл қиын кезеңде, жоқтықтан әлсіреп отырса да Қара биге құрмет көрсетіп, мал сойып, әрбір үйден уыстап бидай жинап екі қанар қапты толтырып, жол азығын қоса түйеге артып шығарып салған еді. Елдің пейіліне риза болған Қара бидің көзіне жас іркіліп, кәмпескеден қалған, қыстаанда қажет болар деп алып шыққан алтын самаурынды Айқожа абызға ұсынып: «Айеке, мына бір қауым елдің қорегіне қажет болар, айырбастап азық етерсіңдер, самаурынды алып қалыңыз» дейді. Сонда, Айқожа ахун: «Қареке, о не дегеніңіз, біз елдеміз, мына құмның кесігі мен құмаршағы бізді өлтірмес, ол сіздің отбасыңыздың нан пұлына қажет болады» деп алтын самаурынды қайтарып береді.

Таң рауандаған алагеуімде Қараның көші жал-жал құм арасына бір батып, бір шығып қара ноқаттай алыстай берді, алыстай берді.

Қара Жүргенұлы 1937 жылдың 25 қыркүйегінде, Темірбек Жүргенов 1938 жылдың 25 ақпанында атылды. Балалары Қосжан, Досжан, інісі Ысқақ 1930-1931 жылдары «Қарақұм көтерілісінің» басшылары ретінде атылды, туыстары 5-8-10 жылға Сібірге жер аударылды.

### 1. Қоштасу

*(Жаз жайлау мекені «Қоңыртөбемен», қасындағы «Ұябай төбеде» жерленген Ақжан әулиемен жер ауып бара жатқан қоштасуы)*

... Қанаттасып қазымен қарашаның,  
Туған жерім соңғы рет таң асамын.  
Алдың тұман, артым күз, ей Жаратқан,  
Бұйыра ма намазы жаназаның?  
Ұлт мәйегін ірітіп, іріктітеген,  
Дүлей кері қан жұтқан замананың.  
Ел-жерім, ұрпағым от ойнатып,  
Жіғаны тәркіленді би Қараның.  
Шілдермен, қамыт киіп барам деп не ем,  
Арқаның алтын тәжі - Қарқаралым...

\*\*\*

... Қасиет қонған доулетім –  
ғайып-нұрдан,  
Қасірет шеккен нәубетім –  
«қызыл құлдан»,  
Жазықсыз жайсаңдардан  
артық пе едім,  
Ар-рухқа, жаным мен малым құрбан.  
Қайғының уын шашқан жемлеттерге,  
Кезен әлі, келеді аруақ ұрған.  
Қоштасып кеше кеште «Жабасақпен»,  
Ей, Ақжеке, жайым бар, келіп тұрған.  
Телқонырын қасында «Қоңыртөбем»,  
Қуат беріп, жанымды айықтырған.  
Мойның толғап барады «Ақсарыбас»,  
Қанатынан қан тамып, мынау қырдан.  
Қасқалдағын қан сығып бағыт алды,  
Алдың Арқа, қан жұтқан  
«Қалмаққырған».

«Құлжұмыр-Қасқа төбе» күрсінеді,  
Мың дананың кешегі ізі қалған.  
«Қарауңгір-Тұздақ» мекені  
боздақтардың,  
Сүйектері көмілмей, ар жамылған.  
Рухтары кезеді «азаттық» деп  
Елестетіп ақ туды қан малынған.  
«Қоңыртөбем», «Бестөбем»,  
«Ақжантабөм»,

Жайлаудың жайсаңы еді,  
мал ықтырған.  
Жер кіндігі, жарықтық осы жерде,  
Құманында қара су ұйып қалған.  
Менің де анау тұрған «Қоңырымда»,  
Қазан суы екі ұйып, қарық қылған.  
«Айсыз түнгі күс жолы» ғашық болып,  
Ұябайды бұл жерде жұтып тынған.  
Түпсіз терең ғарышты кіндік орап,  
Жұлдыздардың нұрына қарықтырған.  
Әуеге ең жақын жер осы нүкте,  
Тылымын түйіп, ғылымды шалықтырған.

Жер биігі жаһаннан жерім тартып,  
Бұл төбеге қасиет, Қыдыр қонған.  
Киелі мекеніммен қоштасамын,  
Қайта айналып көру жоқ, енді маған.  
Қара би атанғаным ел-жұрттымын,  
Құрметі, ең бағалы сыйы болған.  
Ырғыз бен Қармақшының түрмелері,  
Жоныннан таспа тіліп, төзім жонған.  
Жер-суым, ел тілегін тілеп барам,  
Кезім жоқ рухым түсіп, сағым сынған.  
«Тағдыр да – Тәңір ісі», өтті дәурен,  
Дүние кележағың, затын жалған.  
Қан қосып, туыс болған эзиз аға,  
Жайым бар ырзалыққа келіп тұрған.  
Жазмышқа шара бар ма, бұйырыпты,  
Ініне де тауқымет осы жолдан.

### 2. Қарқаралы сапары

Буырқанған толқынмен күй кешемін,  
Алыс қалған жылдармен тілдесемін,  
Тіршілік керуенімнің көшін тартқан,  
Құба жонға бір қонып таң кетемін.  
Шылбырымды сүйретіп отбасыммен  
Айқожа ахун ауылына түн жетемін.  
Қоржынымда бір ұыс жусаным бар,  
Тар қапаста кеудемді сергітемін.  
Түйіп алған киелі топырақты,  
Бұйырғанда, сүйегіммен бірге етемін.  
Кешегі дәуірлеген ақ боз үйдің,  
Мәңгі жауып барамын ергенегін.  
Серігім – Құрандарды көмдім бүгін,  
Аманаттап басына дөңтөбенін.  
Бірінші орам – шым қара құрым киіз,  
Соңғы орамы – құзыры «көн төренің».  
Қанымды сорып бітпей түсері жоқ,  
Жауырыннан қадалған тас кененің.  
«Үштік» деген үмітсіз айла тапты,  
«Мұқалтам» деп қазақтың ақберенін.  
Құлақ естіп, көз көрді көшкен елдің,  
Аза даусы жер-көкті кернегенін.  
Самалы жетер ме екен қоныр белдің,  
Маған тұрақ – түркіна жеркеленің.  
Қош елім, «Қарақұмым», жеркіндігім,  
Үркер қонып, қажайтын ай қорегін.

### 3. Айқожа ахунның ауылына келуі

Сәске түсте қоштасты қоңыр белмен,  
Кешегі қылқұйрықты құлан желген.  
Жер ауып отбасымен бара жатыр,  
Түйе қоршау, жұпыны екі теңмен.  
Өркешіне байланған қоржынында,  
Алтындатқан самаурын, күміс зерен.  
Кауфман мырза құйдырып Орынборда,  
Сәлемдесе келгенде сыйға берген.

Белдіксіз боз шекпеннің өңі кеткен,  
Құпия қыртысы бар өңірленген.  
Алдағы қарекеттің қамы үшін,  
Қуысына қыстырған тиын-тебен.  
Өзегіме түсетін астығым жоқ,  
Көңіл шерлі, дарига-ай, жүрек шемен.  
Даламның аң-құстары арман болды,  
Жұлындарын жойқын жұт

жөбір жеген.  
Ұлтымның ұлы тінін қыркып жатқан,  
Бұл зауалдың ақыры тынар немен.  
Айқожаның ауылы алыс емес,  
Алдымда «Көкдомбағым»

күн көктеген.  
Осы маңда мерт болған жайын жұтып,  
Асан қайғы баласы Абат мерген.  
Ой өріп, өрмек тоқып әлі келем,  
Ұлы далам, ет-жүрек елжіреген.  
Саумалдай самалыңнан айналайын,  
Сүйек-қанды тасытып, көкірек керген.  
Мандай тіреп, ат басын бұрдым аға,  
Жөн сұрап, бата алуға сіздей ерден.

### 4. Ұлылық

«Ерімбетжаға» ен жайлау кенім дейтін,  
Жабайы сөзбі, құмаршық күз

дөңдейтін  
Құмында өсіп-өніп Сейітқұлдың,  
Сегіз арыс ұрпағы мекендейтін.  
Қосым жоқ ұрпағы Айқожаны,  
Төртқара-Дүйсенейлер пірім дейтін.  
Кешқұрым келіп жетті Жампозыммен,  
Жүрісі майда, бұйдасы іркілмейтін.  
Айқожа ахун қарсы алып, қонақ етті,  
Шакырттып жігіттерді жөн білетін.  
Ашаршылық, жанкешті мезгіл еді,  
Бір-біріне септесіп күн көретін.  
Көбеген би Қараға сәлем берді,  
Тілге шешен, сөзімен құды ілетін.  
Жігіттердің алыстан кіре тартқан,  
Астықтарын уыспен тең бөлетін.  
Сол күні ауыл үйдің дастарқаны,  
Бос аяқпен ағытты түннің кілті.  
Көтермей қазандарын ошақтағы,  
Жолаушының жандырды жол үмітін.  
Өзінің аш құрсағын ойламастан,  
Асыл ерлер көрсетті ақ ниетін.  
Әр ошақтан уыстап бидай жинап,  
Келтірді қос қанардың берекетін.  
Ақыраптың айтулы бір күні болды,  
Аштыққа алақаннан сеп тиегін.

\*\*\*

Межелі уақыт жетіп, таң да атты,  
Жан жылуы жебеді дегдар затты,  
Мәрт мінезі «жауырды жаба тоқып»,  
Елемеген түр берді жаракатты.  
Дегенмен көңіл толқып, ризалықтан,  
Көзден тамшы құлдилап бара жатты.  
Айнала мөлдиреген таңғы шықтар,  
Қимай-қимай Қараны құмға батты.

\*\*\*

... Ей, Айеке, тілектес, асыл ерлер,  
Қытымыр мезгіл алда, жара меңдер.  
Қуғын-сүргін, зобалаң,

жойқын жұтқан,  
Мезгілсіз үзіледі талай демдер,  
Мендегі жалғыз бұйым самаурынды,  
Нан пұлға жаратыңдар енді сендер.  
Жазанды Алла берсін, басқа не айтам,  
Ұлтты қырып, қанымды сіміргендер.  
Тілегін тілеп барам ел-жұрттымын,  
Елге тұтқа бойыңдар асыл есіл ерлер.

\*\*\*

... Қарекем-ай, Қарекем текті тұлғам,  
Деген едің, ұлтымын жаным құрбан.  
Залым заман, ОГПУ қарғыс атқыр,  
Шырағымда нең бар ед, жанып тұрған.  
Самаурынды алмаймыз, қоржынға сал,  
Қажетке керек болар жерде барған.  
Дұға етемін, Алладан пәрмен сұрап,  
Зарықтырмай ісінді етсін оңнан.  
Ел-жұртың еңірейді, амал барма,  
Ей, ардағым, қайыр қош,

қалма жолдан.

**Балапан ДАРАЖА,**

**зангер,**  
**Халықаралық ақпараттандыру**  
**академиясының академигі,**  
**Т.Айбергенов атындағы әдеби**  
**сыйлықтың лауреаты,**  
**Қазақстан Жазушылар одағының**  
**мүшесі**

Фотос: Аманжол Әбдіқалиев.



## ҒАСЫРМЕН ҮНДЕСКЕН БАСЫЛЫМ



Мұнан соң облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Өмірбек Шәменов пен бірқатар зиялы қауым және қос басылымда ұзақ жылдар еңбек еткен аға буын ардагерлер сөз сөйлеп, газеттің тарихынан сыр шертті.

1-бет

Ис-шара барысында аға басылымдарда табысты еңбек еткен бірқатар журналистер марапатталды.

Мәселен, басылымның 90 жастан асқан ардагерлері Қайырбек Мырзахметов пен Рысты Бекбергенова облыстың ең жоғарғы наградасы «Құрмет грамотасын» иеленсе, «Қазақ

станның Құрметті журналисі» атағы Жұматәлі Әбдіраманұлына, Қызылорда облысының «Құрметті ардагері» медалі Мейрамбек Шілдебаев, Бисенкүл Қарабөпе, Қазыбек Ботаевқа табысталды. Сондай-ақ басқа да бірқатар қызметкерлерге төсбелгілер мен алғыс хаттар берілді.

«Сыр бойы» газеті – Сыр өңірі журналистикасының тарихымен тығыз байланысты. 95 жылдық ғұмырында басылым қазақ әдебиетінің көптеген қабырғалы қайраткерлерінің алғашқы шығармаларын жариялап, таланттың шыңдаған шығармашылық ұстаханнаға айналды. Әдебиет пен журналистиканың

дамуына өлшеусіз үлес қосқан басылымның беттерінде ғасырлар үніндей тың туындылар жарық көріп, елдің рухани байлығын еселеді.

Бүгінгі шарада ардагер қаламгерлер мен қазіргі буын өкілдерінің еңбегі ерекше аталып өтті. Бұл 95 жылдық мерейтой қос газеттің шығар-

машылық дәстүрінің үзілмей, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқаны тағы бір мәрте дәлелделді.

Мейрамгүл  
ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,  
«Сыр бойы»

## /// ТӘРБИЕ

Барлық адам қоғаммен тығыз байланыста өмір сүреді. Күнделікті қарым-қатынаста және жұмыс барысында, тіпті отбасылық өмірде де қарым-қатынас құралы тіл екені белгілі. Адам ағзасының ішінде сүйексіз тіл болса да, оны дұрыс қолдансаң, дұрыс өмір сүресің. Бұрыс қолдансаң, біреудің жанын жосып өткендей сөз айтуың мүмкін. Сондықтан да қазақ халқы «Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады» деп жөн айтқан. Мұхаммед пайғамбар (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадисінде: «Сөйлесен жақсы сөз сөйле, болмаса үндеме» деген.

БАЛАҒАТ  
СӨЗДЕН АУЛАҚ  
БОЛАЙЫҚ!

Қазір қоғамдық ортада балағат сөзді орынсыз қолданушылар бар. Бұл – адамның ар-намысына, ұятына нұқсан келтіру. Хадиске сүйенсек, «Мұсылман тілімен де, іс-әрекетімен де ешкімге зиян келтірмейді». Біреудің жанын ауыртатындай, намысына тиетіндей немесе балағат сөз айтып табалап, қарғап-сілеуге болмайды.

Сондай-ақ Пайғамбарымыз (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Аллаға иман еткен кісі міншіл емес, қарғап-сілеуші емес, жаман жүрісті емес, былапыт, балағат сөзді емес» деді (Тирмизи). Біз бұл хадистен өзін мұсылман санайтын адамның бойында осындай жағымсыз нашар мінез-құлқ не әрекеті болса, одан арылуы тиіс екенін ұғамыз. Тағы бір хадисте: «Қиямет күні кісінің таразыға ауыр басытын нәрсесі – көркем әдеби. Алла Тағаланың былапыт сөз айтатын кісіге ашуы келеді» делінген (Нәсан).

Алла Тағала бізге әрбір арзаны өзіндік қызметін дұрыс атқару үшін нәсіп етті. Тілдің негізгі міндеті – Алланы ұлықтау, мадақтау әрі жақсы сөз

сөйлеу. Қазақ халқы «Жақсы сөз – жарым ырыс» деу арқылы жақсы сөз сөйлеу керектігін көрсеткен. Сахаба Муғаз бин келтіру. Хадиске сүйенсек, «Мұсылман тілімен де, іс-әрекетімен де ешкімге зиян келтірмейді». Біреудің жанын ауыртатындай, намысына тиетіндей немесе балағат сөз айтып табалап, қарғап-сілеуге болмайды.

Сондай-ақ Пайғамбарымыз (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Аллаға иман еткен кісі міншіл емес, қарғап-сілеуші емес, жаман жүрісті емес, былапыт, балағат сөзді емес» деді (Тирмизи). Біз бұл хадистен өзін мұсылман санайтын адамның бойында осындай жағымсыз нашар мінез-құлқ не әрекеті болса, одан арылуы тиіс екенін ұғамыз. Тағы бір хадисте: «Қиямет күні кісінің таразыға ауыр басытын нәрсесі – көркем әдеби. Алла Тағаланың былапыт сөз айтатын кісіге ашуы келеді» делінген (Нәсан).

Алла Тағала бізге әрбір арзаны өзіндік қызметін дұрыс атқару үшін нәсіп етті. Тілдің негізгі міндеті – Алланы ұлықтау, мадақтау әрі жақсы сөз

сөйлеу. Қазақ халқы «Жақсы сөз – жарым ырыс» деу арқылы жақсы сөз сөйлеу керектігін көрсеткен. Сахаба Муғаз бин келтіру. Хадиске сүйенсек, «Мұсылман тілімен де, іс-әрекетімен де ешкімге зиян келтірмейді». Біреудің жанын ауыртатындай, намысына тиетіндей немесе балағат сөз айтып табалап, қарғап-сілеуге болмайды.

Сондай-ақ Пайғамбарымыз (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Аллаға иман еткен кісі міншіл емес, қарғап-сілеуші емес, жаман жүрісті емес, былапыт, балағат сөзді емес» деді (Тирмизи). Біз бұл хадистен өзін мұсылман санайтын адамның бойында осындай жағымсыз нашар мінез-құлқ не әрекеті болса, одан арылуы тиіс екенін ұғамыз. Тағы бір хадисте: «Қиямет күні кісінің таразыға ауыр басытын нәрсесі – көркем әдеби. Алла Тағаланың былапыт сөз айтатын кісіге ашуы келеді» делінген (Нәсан).

Алла Тағала бізге әрбір арзаны өзіндік қызметін дұрыс атқару үшін нәсіп етті. Тілдің негізгі міндеті – Алланы ұлықтау, мадақтау әрі жақсы сөз

сөйлеу. Қазақ халқы «Жақсы сөз – жарым ырыс» деу арқылы жақсы сөз сөйлеу керектігін көрсеткен. Сахаба Муғаз бин келтіру. Хадиске сүйенсек, «Мұсылман тілімен де, іс-әрекетімен де ешкімге зиян келтірмейді». Біреудің жанын ауыртатындай, намысына тиетіндей немесе балағат сөз айтып табалап, қарғап-сілеуге болмайды.

Сондай-ақ Пайғамбарымыз (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Аллаға иман еткен кісі міншіл емес, қарғап-сілеуші емес, жаман жүрісті емес, былапыт, балағат сөзді емес» деді (Тирмизи). Біз бұл хадистен өзін мұсылман санайтын адамның бойында осындай жағымсыз нашар мінез-құлқ не әрекеті болса, одан арылуы тиіс екенін ұғамыз. Тағы бір хадисте: «Қиямет күні кісінің таразыға ауыр басытын нәрсесі – көркем әдеби. Алла Тағаланың былапыт сөз айтатын кісіге ашуы келеді» делінген (Нәсан).

Алла Тағала бізге әрбір арзаны өзіндік қызметін дұрыс атқару үшін нәсіп етті. Тілдің негізгі міндеті – Алланы ұлықтау, мадақтау әрі жақсы сөз

сөйлеу. Қазақ халқы «Жақсы сөз – жарым ырыс» деу арқылы жақсы сөз сөйлеу керектігін көрсеткен. Сахаба Муғаз бин келтіру. Хадиске сүйенсек, «Мұсылман тілімен де, іс-әрекетімен де ешкімге зиян келтірмейді». Біреудің жанын ауыртатындай, намысына тиетіндей немесе балағат сөз айтып табалап, қарғап-сілеуге болмайды.

Сондай-ақ Пайғамбарымыз (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Аллаға иман еткен кісі міншіл емес, қарғап-сілеуші емес, жаман жүрісті емес, былапыт, балағат сөзді емес» деді (Тирмизи). Біз бұл хадистен өзін мұсылман санайтын адамның бойында осындай жағымсыз нашар мінез-құлқ не әрекеті болса, одан арылуы тиіс екенін ұғамыз. Тағы бір хадисте: «Қиямет күні кісінің таразыға ауыр басытын нәрсесі – көркем әдеби. Алла Тағаланың былапыт сөз айтатын кісіге ашуы келеді» делінген (Нәсан).

Алла Тағала бізге әрбір арзаны өзіндік қызметін дұрыс атқару үшін нәсіп етті. Тілдің негізгі міндеті – Алланы ұлықтау, мадақтау әрі жақсы сөз

сөйлеу. Қазақ халқы «Жақсы сөз – жарым ырыс» деу арқылы жақсы сөз сөйлеу керектігін көрсеткен. Сахаба Муғаз бин келтіру. Хадиске сүйенсек, «Мұсылман тілімен де, іс-әрекетімен де ешкімге зиян келтірмейді». Біреудің жанын ауыртатындай, намысына тиетіндей немесе балағат сөз айтып табалап, қарғап-сілеуге болмайды.

Сондай-ақ Пайғамбарымыз (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Аллаға иман еткен кісі міншіл емес, қарғап-сілеуші емес, жаман жүрісті емес, былапыт, балағат сөзді емес» деді (Тирмизи). Біз бұл хадистен өзін мұсылман санайтын адамның бойында осындай жағымсыз нашар мінез-құлқ не әрекеті болса, одан арылуы тиіс екенін ұғамыз. Тағы бір хадисте: «Қиямет күні кісінің таразыға ауыр басытын нәрсесі – көркем әдеби. Алла Тағаланың былапыт сөз айтатын кісіге ашуы келеді» делінген (Нәсан).

Алла Тағала бізге әрбір арзаны өзіндік қызметін дұрыс атқару үшін нәсіп етті. Тілдің негізгі міндеті – Алланы ұлықтау, мадақтау әрі жақсы сөз

сөйлеу. Қазақ халқы «Жақсы сөз – жарым ырыс» деу арқылы жақсы сөз сөйлеу керектігін көрсеткен. Сахаба Муғаз бин келтіру. Хадиске сүйенсек, «Мұсылман тілімен де, іс-әрекетімен де ешкімге зиян келтірмейді». Біреудің жанын ауыртатындай, намысына тиетіндей немесе балағат сөз айтып табалап, қарғап-сілеуге болмайды.

Сондай-ақ Пайғамбарымыз (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Аллаға иман еткен кісі міншіл емес, қарғап-сілеуші емес, жаман жүрісті емес, былапыт, балағат сөзді емес» деді (Тирмизи). Біз бұл хадистен өзін мұсылман санайтын адамның бойында осындай жағымсыз нашар мінез-құлқ не әрекеті болса, одан арылуы тиіс екенін ұғамыз. Тағы бір хадисте: «Қиямет күні кісінің таразыға ауыр басытын нәрсесі – көркем әдеби. Алла Тағаланың былапыт сөз айтатын кісіге ашуы келеді» делінген (Нәсан).

## /// БРИФИНГ

ОБЛЫСТА 86 АДВОКАТ ТЕГІН  
ЗАҢ КӨМЕГІН КӨРСЕТЕДІ

Әділет департаменті – ұлттық заңнаманы қалыптастырып, зияткерлік меншік құқықтарын қорғап қана қоймай, халыққа мемлекеттік қызмет көрсетуді мақсат етеді. Бүгінде әділет органдары мемлекеттік қызметтің 12 түрін көрсетеді. Органның негізгі қызметінің бірі – нормативтік құқықтық актілерді тіркеу саласы. Биыл сала бойынша келісуге ұсынылған 240 нормативтік құқықтық акті жобасының 36 пайызына келісім беріліп, мемлекеттік тіркеуден өткен. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық әділет департаментінің басшысы Ирина Бәкішева айтып берді.

– Биыл әділет органдарында мемлекеттік тіркеуге жататын нормативтік құқықтық актілерді шығару, мемлекеттік тіркеу және олардың күшін жою мәселелерін реттейтін ҚР заңнамасын сақтау саласында мемлекеттік бақылау жүргізу тәртібі айқындалды. Мемлекеттік бақылау жоспарлы және жоспардан тыс тексеру нысанында жүргізіледі. Өзгерістер осы жылдың 8 маусымынан бастап

колданысқа енді. Ал жоспарлы тексерулер 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап жүзеге асырылады. Мұнан бөлек, департамент заңды тұлғаларды тіркеу бағыты бойынша коммерциялық емес ұйымдарды тіркейді. Биыл облыс бойынша 521 заңды тұлға тіркелді, – деді ол.

Айта кетейік, департаменттің тағы бір міндеті – заңгерлік қызмет көрсетуді ұйымдастыру. Қазіргі таңда облыста 168 адвокат бар, олардың 86-сы халыққа тегін заң көмегін көрсетеді. Департаменттің

заңгерлік қызмет көрсетуді ұйымдастыру саласындағы функциясы – нотариустардың жасаған нотариаттық іс-әрекеттерінің заңдылығына бақылауды жүзеге асыру. Сондай-ақ облыста 72 жеке сот орындаушы жұмыс істейді, оның 14-і аудандарда, 58-і Қызылорда қаласында. Ал мемлекеттік сот орындаушыларының саны – 10. Бүгінде сот актілерін орындауды жақсартуға бағытталған барлық шаралар қарастырылып келеді.

«СБ» ақпарат

• Жарнама

• 70-00-52

• E-mail: smjarnama@mail.ru

Газға уақытылы төлеудің  
5 себебі

1. Сіз өз ақшаның үнемдісіз  
Газ төлемі келесі есепті айдан кейінгі айдың 25-іне дейін жүргізілуі тиіс. Шоттарға уақытылы төлемнің жүргізілмеуі, күн сайынғы ӨСІМПУЛ есептеуге әкеледі.

2. Сіз өз уақытыңызды үнемдейсіз  
Қазіргі уақытты шоттарды төлеу төлем тәсілдеріне байланысты (Каспи банк, Халық Банк, Центркредит мобильді қосымшалары арқылы және Қазпошта кассалары арқылы төлем) 15 секундтан 5 минутқа дейінгі уақытыңызды алады. Төлем мерзімі өткен және Жеткізуші тарапынан мәжбүрлендіріп алу жөнінде шаралар қабылданған жағдайда, Сіз берілген шектеулерді алу және газды қайта беру үшін әртүрлі өтінімдерді және өтініштерді толтыруға уақытыңызды жұмсауға мәжбүр боласыз.

3. Сіз де сот даулары жоқ  
Егер сіз тұтынылған газға төлем жүргізбесеңіз, газды жеткізуші сізді сотқа беруге құқылы.

4. Сіз де артық шығындар жоқ.  
Тауарлық газды қайта беру үшін борышкерлерге берешектерді ғана толық көлемде төлеп қоймай, сондай-ақ жүргізілген жұмыстардың (ажырату, қайта қосу) шығындарын төлеуге тура келеді. Бұдан басқа, мемлекеттік баж, пошта шығындары және сотқа талап қоюға байланысты комиссиялық шығындар бар.

5. Сіздің мүліктеріңіз бен шоттарыңыздың сақталуы  
Сот шешімімен заңды күшіне ие болған берешектерді ерікті түрде төлеуге заңнамамен 5 күн беріледі. Шешім ерікті түрде орындалмаған жағдайда, сот орындаушылары және жеке сот орындаушылары борышкердің мүлкіне тыйым салуға және оны мәжбүрлі түрде сату үшін алып қоюға құқылы. Мүліктерді мәжбүрлі түрде сатудан түскен қаражат қарызды төлеуге жұмсалады.

Қаражат борышкердің еңбекақысынан, зейнетақысынан немесе басқа табыстарынан ұсталуы мүмкін. («Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» ҚР 2010 жылғы 2 сәуірдегі №261-ІV Заңының 32-бабы 2т, 1,2,3) тармақшалары).

Құрметті  
газ тұтынушылары!

«QazaqGaz Aimaq» АҚ Қызылорда өндірістік филиалы (бұдан әрі – Филиал) 2025 жылдың 01 қаңтарынан бастап ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес, цифрлық технологияларды іске асыру мақсатында Қызылорда қаласындағы 6 газ учаскелерінің төмендегі мекен-жайда орналасқан кассалардың жабылатындығын хабарлаймыз:

- Қызылорда қаласы, Байсейітова көшесі №138/7, Абоненттік бөлім №1  
- Қызылорда қаласы, Абай даңғылы №51/66, Абоненттік бөлім №2  
- Қызылорда қаласы, Шұғыла ш/а №26/36, Абоненттік бөлім №3  
- Қызылорда қаласы, Титов көшесі №8/1, Абоненттік бөлім №4  
- Қызылорда қаласы, Жанқожа батыр көшесі №82а, Абоненттік бөлім №5  
- Қызылорда қаласы, Ақмешіт ш/а №25/22, Абоненттік бөлім №6

Филиал смарт-картамен алдын ала төлеуді жүзеге асыратын электрондық тұрмыстық және есептегіштерін пайдаланатын тұтынушыларға ақысыз негізде СІЗДІҢ электрондық есептегішіңізді электрондық жүйеден механикалық жүйеге ауыстыру керектігін ескертеді.

Механикалық есептегішті пайдаланудың артықшылығы – Сіз кезекте тұрмайсыз және үйден шықпай-ақ, Каспий банк, Халық банк, Центркредит мобильді қосымшалары арқылы және Қазпошта кассалары бойынша тұтынылған газ үшін төлем жасауға болатындығын хабарлаймыз.

Есептегішіңізді электрондық жүйеден механикалық жүйеге ауыстыру үшін: 104, 8 771 012 12 11, 8 700 222 50 32 телефондары арқылы өтініш беруге немесе Қызылорда қаласы, С.Бейбарыс №1 көшесінде орналасқан филиалдың әкімшілік кеңсесіне келіп (жұмыс күндері) өтініш жазуыңыз керек. Өтініш бойынша филиал мамандары үйіңізге баратын болады.

«QazaqGaz Aimaq» АҚ ҚОӨ әкімшілігі

«Сыр бойын» ақпараттық агентігінен де  
(сайттан) оқыңыз

www.syrboyi.kz

ЖАРНАМА  
БӨЛІМІ

70-00-52

E-mail: smjarnama@mail.ru

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі  
СЫР  
МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР  
Марат АРАЛБАЕВ  
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)  
БАС РЕДАКТОР  
Қуат ШАРАБИДИНОВ  
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)  
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

## Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)  
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)  
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)  
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)  
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38  
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті  
ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015)  
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсыры бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.  
«АҚ» - ақылы қызмет.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.